ӘОЖ 94(4)"04/07":34
ҒТАХР 03.09.25
DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.103(3).20

[1]Г.К. Кадиркулова, [2]С.Д. Саркулова, [3]С.Ж. Болтаева,
[4]А.С. Талман, [5]Н.К. Молдабекова

[1]Q University, Алматы, Қазақстан
[2]Kazakh National Women's Teacher Training University, Алматы, Қазақстан
[3]Narxoz University, Алматы, Қазақстан
[4]Miras University, Шымкент, Қазақстан
[5]Military Institute of Land Forces named after S. Nurmagambetov, Алматы, Қазақстан
***Корреспондент-авторы:** nazgul12031977@mail.ru

V- VIII ҒҒ. БАТЫС ЕУРОПАДАҒЫ ЕРТЕ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ ЖӘНЕ СОҒЫС

Аңдатпа. Бұл зерттеуде Батыс Еуропада V- VIII ғғ. аралықтарында соғысты реттеудің құқтық тетіктерін қалыптастыруға әкелген үдерістерді талдау. Мақсаты – ерте орта ғасырлардағы дәстүрлі идеяны тұрақты құқықтық нормалардан айырылған кезең ретінде қайта қарау. Жазбаша дереккөздерді зерттеу ортағасырлық мемлекеттердің дамуы әскери күш қолдану, әскери қызметтті ұйымдастыру, ресурстарды жұмылдыру және қорғанысты қамтамасыз ету ережелерін белгілейтін институттардың құрылуымен қатар жүретіндігін көрсетеді. Бұл үдерістерді талдау ерте қоғамдық құқықтың қалыптасу ерекшеліктеріне және оның әскери билікпен байланысына жарық түсіруге мүмкіндік береді.

Бұл мақалада құқықтық әдеп-ғұрыптар, каролиндік капитуляциялар және англо-саксондық заңдардың әскери мәселелерді құқықтық реттеу жүйесіндегі өзара байланысы аясында қарастырылады. Бұл дереккөздерді зерттеу әлеуметтік-экономикалық аспектілерді талдаудан асып түседі және олардың нормативтік сипатына назар аударады, әскерді құру, әскери ресурстарды басқару және монархтың билік өкілеттерін жүзеге асыру тәртібін анықтайды.

Зерттеудің өзектілігі әскери қызметті реттеуші құқықтық тетіктерді айқындаумен тікелей байланысты. Франк капитулярлары мен англо-саксондық заңнамалар әскери міндеткерлік, жер иелену құқығы және монархтың әскери өкілеттіктерінің заңдық негіздері болғанын дәлелдейді. Сонымен қатар Франк мемлекеті мен англо-саксондық корольдіктердегі әскери-құқықтық жүйелерді салыстыру мемлекеттіліктің даму модельдерін түсінуге жол ашады. Осылайша, бұл зерттеу әскери тарихта ғана емес, сонымен бірге еуропалық мемлекеттілік пен құқықтық институттардың қалыптасу тарихын тереңірек тануға мүмкіндік береді.

Кілт сөздер: құқық, сот жекпе-жегі, бенефициарлар, капитуляциялар, әскерлер.

Кіріспе

Қоғамдық қабылдауда және алғашқы тарихи жазбаларда ерте орта ғасырлар кезеңі V- VIII ғғ. «қаранғы ғасырлар» деп саналды. Тек күш заңдары басқарылатын және даулар бақыланбайтын зорлық-зомбылық арқылы шешілетін бұл өзін-өзі жою

қауіпі болды. Алайда, ортағасырлық және заң тарихындағы заманауи зерттеулер бұл мифті толығымен жоққа шығарды. Кейнгі Рим мемлекеттілігінен варварлық патшалықтарға, содан кейін англо-сансондық Гептархия мен каролинг империясына ауысу үдерісі құқықтық нормаларды құру бойынша қарқынды іс-шаралармен ерекшеленді.

Қарастырылып отырған дәуірде қарулы қақтығыс мағынасыз күйреу ретінде емес, танылған саяси, қоғамдық және қасиетті механизм ретінде қарастырылды. Сол кездегі монархтар үшін басты қиындық материалдық ресурстардың жетіспеушілігі және әскери мүліктің жойылу қауіпі болды. Сондықтан ерте ортағасырлық құқықтың маңызды функциясы әскери нормаларды жүйелеу болды.

Бұл зерттеудің міндеті Франк мемлекеті мен англо-саксондық жеті патшалықтар, герман тайпалары мысалында соғысты реттеудің құқықтық тетіктерінің эволюциясын көп қырлы тарихи-құқықтық зерттеу, сондай -ақ, V-VIII ғғ. әскери-саяси ауысулардың әсерінен сот, жер, әскери және салық институттарының өзгеру заңдылықтарын анықтау болып табылады.

Зерттеудің өзектілігі үш бағытпен түсіндіріледі. Біріншіден, Франк және англо-саксондық құқықтағы әскери міндет пен жер иеленудің заңдық негіздерін ашу. Екіншіден, осы екі модельдің әскери-құқықтық институттарын салыстырмалы талдау. Үшіншіден, ерте ортағасырлық құқықтың Еуропа мемлекеттілігінің дамуына тигізген тарихи ықпалын зерделеумен айқындалады.

Материалдар мен әдістер

Батыс Еуропаның ерте ортағасырлық мемлекеттерінің құқықтық дамуының негізгі бағыты тайпалық құрылымнан қалған ішкі қарулы зорлық зомбылықты басу болды. Батыс Рим империясы құлағаннан кейін Герман жерлеріндегі тайпалардың дәстүрлі әдет-ғұрыптарды қоғамдық бсқару құрылымына енгізуге мәжбүр болды. Саяси тұрақтылыққа ең үлкен қауіп туғызды қанды кек алу институты (faida), келтірілген зиян үшін рудың ұжымдық жауапкершілігіне негізделген. Шекараны қорғау және әскери жорықтарды жүргізу үнемі күш салуды қажет ететін жағдайларда, ұзаққа созылған ұрпақаралық қақтығыстар мемлекеттің әскери әлеуетіне нұқсан келтірді, қызметке қабілетті еркін халықтың контингентін қысқартты және корольдік биліктің нығаюына кедергі келтірді. Осыған байланысты ерте ортағасырлардағы заңнама біртіндеп шектеусіз жеке кек алуды заңды түрде реттелген дауларды реттеу рәсімдерімен алмастыруға арналған тетіктерді қалыптастырды (Lex Salita, tit. XLIV-LXII; Edictum Rothari) (1 сурет), [1, 2].

Бұл тенденцияны жүзеге асырудың ең жарқын мысалы - V ғасырдың аяғы мен VI ғасырдың басында Кловис кезінде кодификацияланған және кейіннен бірнеше толықтыруларға ұшыраған Lex Salita. Шексіз қанды кек алуға мүмкіндік беретін ежелгі әдет - ғұрыптан айырмашылығы, бұл заң өмір мен денсаулыққа зиян келтіргені үшін міндетті ақшалай өтемақы белгіледі – вергельд деп аталды. Оның қызметі жәбірленушінің отбасына келтірілген шығындарды өтеу ғана емес, сонымен қатар тайпалар арасындағы қарулы қақтығыстардың одан әрі шиеленісуін тоқтату болды. Осылайша, құқық қақтығыстарды реттеуді жеке зорлық-зомбылық аймағынан иелік әкімшіліктің қадағалауымен сот үдерісіне ауыстыруға ықпал етті (Lex Salita, tit. XLIV-LXII; Edictum Rothari) [1, 3].



1 сурет - Lex Salita (Сали ақиқаты)
Дереккөз: https://orbis-medievalis.ru/library/salica.html

Зиян келтіргені үшін төлемдер кездейсоқ тағайындалмады, бірақ жәбірленушінің ресми әлеуметтік жағдайына қатаң сәйкес келді. Мұндай тәжірибе ерте ортағасырлық қоғамның иерархиялық құрылымын көрсетті, мұнда жеке тұлғаның құқықтық қабілеттілігі, мемлекеттің әскери-саяси жүйесіндегі ұстанымына тікелей байланысты болды. Мысалы, еркін франкті өлтіру тәуелді халықтың өлімі үшін өтемақы мөлшерінен едәуір үлкен айыппұлмен жазаланды. Алайда, вергельдтің ең жоғары деңгейі корольдік отрядтың өкілдеріне – монархтың жеке қорғауындағы анструстиондарға сүйенеді. Сали заңы нормаларына сәйкес, анструстионның өмірі 600 солид, ал еркін Франктың өмірі үшін 200 солид төлеу қажет болды (Lex Salita) [1, 2, 3, 4]. Мұндай құқықтық саралау заң шығарушының әскери қызметшілерді қорғауды күшейтуге деген ұмтылысын көрсетеді. Өйткені кәсіби әскери құрамды сақтау мемлекеттің қорғаныс қабілетінің негізгі факторы болды. Ғалымдар бұл жүйені мемлекеттік қызметті құқықтық қорғаудың ерте нысаны ретінде түсіндіреді, мұнда адам өмірінің құны тек шығу тегімен ғана емес, сонымен бірге жеке тұлғаның саяси ұйымның жұмысына қосқан үлесімен де анықталады [3, 4, 11, 16].

Жеке кек алуды құқықтық тетіктермен алмастыруға деген ұмтылыс герман тайпалары үшін ортақ қасиет болды. Бұл лангобард заңдары әртүрлі зорлық-зомбылық әрекеттері үшін қаржылық өтемақы жүйесін егжей-тегжейлі сипаттаған 643 жылғы Эдикт Ротари жарлығында айқын көрсетілген. Заң шығарушы қоғамда тәртіп орнату мақсатында жәбірленушінің мәртебесін және келтірілген зиянның дәрежесін ескере отырып, төлем сомаларын тіркеді – соллидпен төленімдер жасалды. Адамның құны оның қоғамдағы орнына байланысты болды. Демек, бұл құжат құқықтың дамуындағы маңызды қадамды білдіреді: зорлық-зомбылық тек жеке мәселе болып саналмай, мемлекеттің бақылауына өтті (Edictum Rothari) (2 сурет), [2, 5].



2 сурет – Лангобард заңы
Дереккөз: https://www.oeaw.ac.at/en/imafo/research/historical-identity-research/projects/further-projects/lombard-law-books-and-book-culture-ca-850-1025




3 сурет - Lex Burgundionum оныншы ғасырдағы көшірмесінің титулдық тізімі, Франция Ұлттық Кітапханасы, MS Latin 10753
Дереккөз: https://tenthmedieval.wordpress.com/2014/07/12/seminar-clxxiii-blended-burgundians/

Қазіргі зерттеушілердің пікірінше [21, 24, 25], вергельд институты қарапайым қаржылық өтемақыдан асып түсетін функцияларды атқарды. Ақшалай өтемақы әлеуметтік тұрақтылықты сақтау және қоғамның жұмылдыру әлеуетін сақтап, ұзаққа созылған ішкі қақтығыстардың алдын алу құралы болды. Қанды кек алуды ақшалай төлемдермен ауыстыру ерлер халқын әскер қажеттіліктері үшін үнемдеуге мүмкіндік берді және саяси құрылымның сот билігінің күшеюіне ықпал етті. Осылайша, құқықтық тетіктер кейінгі орта ғасырларда орталықтандырылған билік институттары құрылғанға дейін де зорлық-зомбылықты мемлекеттік бақылау құралына айналды [2, 6, 7, 8, 9, 10].

Соттар үкім шығару үшін жазбаша дәлелдер немесе айғақтар жиі болмағандықтан, сот жекпе-жегі – *duellum* тәжірибесі пайда болды. Бұл әдеттегі тура төбелес емес еді, заңмен қатаң реттелетін үдеріс еді, өйткені шайқаста жеңіске жету құдайдың еркінің көрінісі деп есептелді. Ережелер өте айқын болды: Бургунд заңдары мен Ротари жарлығында қару таңдаудан бастап майдан алаңына дейін барлығы жазылған. Өз бетінше соғыса алмағандар, әйелдер, қарттар, діни қызметкерлер өз орнына жалдамалы *campiones* жауынгерлерін шығаруға құқылы болған (3 сурет).

Ерте орта ғасырлардағы стереотиптерге қарамастан, сот жекпе-жегі озбырлық әрекеті емес, құқықтың зорлық-зомбылыққа қарсы әрекеті болды. Кең тараған қанды кек алудың орнына, қоғам қарулы қақтығыс сот бақылауындағы және шіркеу бағыштаған әділеттіліктің заңды құралына айналатын үдерісті ұсынды. Франк, Лангобард және Бургунд заңдары биліктің «күшті құқығы» шектеуге деген ұмтылысын енгізілуі зорлық-зомбылық қатаң іс жүргізу нормалары мен мемлекеттік қадағалауға бағынатын құқықтық жүйеге көшудің маңызды кезеңі болды (4 сурет).



4 сурет – 1) Lex Salita, 2) Lex Burgundionum, 3) Edictum Rothari
Дереккөз: https://earth.google.com/web/search/

Нәтижелер мен талқылау

V-VIII ғғ. дереккөздерді талдау Франк мемлекеті мен англо-саксондық жеті патшалықтардың – Гептархия әскери ұйым моделінің әртүрлі, бірақ ортақ мақсаттарын жасағанын көрсетеді. Екі жағдайда да билік әскердің құрылуы мен оны қамтамасыз етуді қатаң бақылауға алуға тырысты. Франктарда Карл Мартеллдің реформасы шешуші рөл атқарды. Жер пайда ретінде беріле бастады – қызмет ақысы ретінде. Бұл кәсіби атты әскерді құруға және шіркеу жерлерінен түскен кірісті қорғаныс қажеттіліктері үшін пайдалануға мүмкіндік берді. Кейінірек, Ұлы Карлдың тұсында бұл жүйе егжей-тегжейлі капитуляциялармен толықтырылды. Олар әскери өмірдің барлық аспектілерін нақты реттеді – жорықтарға дайындалудан бастап, қашу, кейін шегіну дейін. Әскери істі реттелген мемлекеттік жүйеге айналдырды [12, 13].

Англо-саксондық қорғаныс ұйымының нақты моделі – trinodal necessitas институты мәртебесіне қарамастан барлық жер иелеріне үш міндеттеме жүктеді, әскери қызмет, бекіністер салу мен инфрақұрылымды қолдау. Бұл міндеттерді бөлу *hide* жер бірлгі жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жан басы салығы, жер салығы, натуралды салық, кедендік баждар, шіркеулік ондық енгізу қорғанысты қаржыландыру орталықтандырудың маңызды қадамы болды. Бастапқыда салықты шұғыл жинау уақыт өте келе әскер мен флотты ұстау үшін тұрақты қаражат көзіне айналды. Осылайша, мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің тұтас жүйесіне біріктірілген жария-құқықтық реттеу объектісіне айналды [14, 15].

Жаңа деректер ерте ортағасырларға деген көзқарасты өзгертеді. Бұл «жабайы» құқық пен шексіз соғыстар кезеңі емес, тиімді мемлекеттік тетіктердің қалыптасуы кезеңі болды. V- VIII ғғ. билік нақты құқықтық нормаларға сүйене отырып, жұмылдыру, ресурстар мен қорғанысты белсенді басқарды. Франктер мен анго-саксондардың, герман тайпаларының көзқарастарындағы айырмашылықтар сыртқы қауіптерге байланысты. Франк мемлекеті кәсіби атты әскерді дамыта отырып, жер иелену жүйесін өзгертті. Скандинавиялықтардан қорғануға мәжбүр болған англо-саксондық Англия қорғаныс жүйесін салықтар мен жалпыға бірдей міндеттер негізінде құрды. Каролингтік капитулдарды талдау олардың әскери логистиканы басқару құралы ретінде қызмет еткендігін көрсетеді. Әскерді азық-түлікпен қамтамасыз етуден бастап, әскери борыштың орындалуын бақылау мәселелерін қамтиды [16,17, 19, 20, 21].

Осылайша, V-VIII ғғ. қаржы- құқытық жүйенің элементтері: жер, әкімшілік пен әскери – қызметтік құқықтық интеграциясына негізделгенін растайды. Бұл байланыс әскери ұйымды ерте ортағасырлық мемлекеттіліктің қалыптасуы мен еуропалық қоғамдық-құқықтық дәстүрдің қалыптасуының шешуші факторларының бірі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Қорытынды

Ерте ортағасырлық «шексіз зорлық-зомбылық» дәуірі ретінде дәстүрлі қабылдау қайта қарауды қажет етеді. Франктердің, лангобардтардың және англо-саксондардың, герман тайпаларының құқықтық ескерткіштерін талдауда соғыс жүргізу мен қорғанысты ұйымдастыру үшін құқықтық негіздер белсенді қалыптасқанын көрсетеді.

Әскери құқытың өзгеруі мемлекеттік институттардың дамуымен қатар жүрді. Егер «қаранғы ғасырлар» зорлық-зомбылыққа заңды шектулер енгізсе өтемақы жүйесі арқылы, кейінірек каролингтік капитуляциялар немес англо-саксондық жарлықтар сияқты актілер әскерді орталықтандырылған басқаруға негіз құрды. Зерттеу тәсілдерінің айырмашылығын көрсетеді: франктер әскери-жер қатынастарына бәс

тігеді. Ал англо-саксондар мемлекеттік міндеттер мен салық салу жүйесін дамытты, герман тайпалары – әскери міндеткерлік пен жер салығын үдетті.

Ослылайша, ерте орта ғасырлардағы құқықтық пен әскери ережелер тәртіп жүргізу үшін ғана емес, еуропалық мемлкеттіліктің ұстасына айналған күрделі жүйе. Қазіргі кезеңде ортағасырлық Еуропаның негізін қалаған фискалдық саясат пен әкімшілік басқарудың негіздері қаланды.

ӘДЕБИЕТ

[1] Capitulare de villis vel curtis imperii // Monumenta Germaniae Historica. Capitularia Regum Francorum. T. I. Hannover, 1883.

[2] Capitulare missorum generale (802) // Monumenta Germaniae Historica. Capitularia Regum Francorum. T. I. Hannover, 1883.

[3] Edictum Rothari. Ed. F. Beyerle // Monumenta Germaniae Historica. Leges. Hannover, 1947.

[4] Lex Burgundionum. Ed. L. R. de Salis // Monumenta Germaniae Historica. Leges. Hannover, 1892.

[5] Lex Salica. Ed. K. A. Eckhardt // Monumenta Germaniae Historica. Leges Nationum Germanicarum. Hannover, 1969.

[6] Attenborough F. L. The Laws of the Earliest English Kings. Cambridge: Cambridge University Press, 1922.

[7] Abels R. Lordship and Military Obligation in Anglo-Saxon England. Berkeley: University of California Press, 1988.

[8] Bachrach B. S. Early Carolingian Warfare: Prelude to Empire. Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 2001.

[9] Bartlett R. Trial by Fire and Water: The Medieval Judicial Ordeal. Oxford: Clarendon Press, 1986.

[10] Bloch M. Feudal Society. Vol. 1–2. London: Routledge, 1961.

[11] Drew K. F. The Laws of the Salian Franks. Philadelphia: University of Pennsylvania Press, 1991.

[12] Everett N. Literacy in Lombard Italy. Cambridge: Cambridge University Press, 2003.

[13] Fleming R. Britain after Rome: The Fall and Rise, 400–1070. London: Penguin Books, 2010.

[14] Fouracre P. The Age of Charles Martel. Harlow: Pearson Education, 2000.

[15] Ganshof F. L. Feudalism. London: Longmans, 1964.

[16] Halsall G. Warfare and Society in the Barbarian West, 450–900. London: Routledge, 2003.

[17] Hyams P. Trial by Ordeal: The Key to Proof in the Early Common Law // On the Laws and Customs of England. Chapel Hill, 1981.

[18] Lawson M. K. Cnut: England’s Viking King. Stroud: The History Press, 2011.

[19] Lavelle R. Alfred’s Wars: Sources and Interpretations of Anglo-Saxon Warfare. Woodbridge: Boydell Press, 2010.

[20] McKitterick R. Charlemagne: The Formation of a European Identity. Cambridge: Cambridge University Press, 2008.

[21] Reynolds S. Kingdoms and Communities in Western Europe, 900–1300. Oxford: Oxford University Press, 1997.

[22] Reuter T. Warfare in Medieval Europe c. 300–1200. Cambridge: Cambridge University Press, 1997.

[23] Wickham C. Framing the Early Middle Ages: Europe and the Mediterranean, 400–800. Oxford: Oxford University Press, 2005.

[24] Williams A. The English and the Norman Conquest. Woodbridge: Boydell Press, 1995.

[25] Wormald P. The Making of English Law: King Alfred to the Twelfth Century. Vol. I. Oxford: Blackwell, 1999.

REFERENCES

[1] *Capitulare de villis vel curtis imperii*. (1883). In *Monumenta Germaniae Historica: Capitularia regum Francorum* (Vol. 1).

[2] *Capitulare missorum generale (802)*. (1883). In *Monumenta Germaniae Historica: Capitularia regum Francorum* (Vol. 1).

[3] *Edictum Rothari* (F. Beyerle, Ed.). (1947). In *Monumenta Germaniae Historica: Leges*.

[4] *Lex Burgundionum* (L. R. de Salis, Ed.). (1892). In *Monumenta Germaniae Historica: Leges*.

[5] *Lex Salica* (K. A. Eckhardt, Ed.). (1969). In *Monumenta Germaniae Historica: Leges nationum Germanicarum*.

[6] Attenborough, F. L. (1922). *The laws of the earliest English kings*. Cambridge University Press.

[7] Abels, R. (1988). *Lordship and military obligation in Anglo-Saxon England*. University of California Press.

[8] Bachrach, B. S. (2001). *Early Carolingian warfare: Prelude to empire*. University of Pennsylvania Press.

[9] Bartlett, R. (1986). *Trial by fire and water: The medieval judicial ordeal*. Clarendon Press.

[10] Bloch, M. (1961). *Feudal society* (Vols. 1–2). Routledge.

[11] Drew, K. F. (1991). *The laws of the Salian Franks*. University of Pennsylvania Press.

[12] Everett, N. (2003). *Literacy in Lombard Italy*. Cambridge University Press.

[13] Fleming, R. (2010). *Britain after Rome: The fall and rise, 400–1070*. Penguin Books.

[14] Fouracre, P. (2000). *The age of Charles Martel*. Pearson Education.

[15] Ganshof, F. L. (1964). *Feudalism*. Longmans.

[16] Halsall, G. (2003). *Warfare and society in the barbarian West, 450–900*. Routledge.

[17] Hyams, P. (1981). Trial by ordeal: The key to proof in the early common law. In *On the laws and customs of England*.

[18] Lawson, M. K. (2011). *Cnut: England's Viking king*. The History Press.

[19] Lavelle, R. (2010). *Alfred's wars: Sources and interpretations of Anglo-Saxon warfare*. Boydell Press.

[20] McKitterick, R. (2008). *Charlemagne: The formation of a European identity*. Cambridge University Press.

[21] Reynolds, S. (1997). *Kingdoms and communities in Western Europe, 900–1300*. Oxford University Press.

[22] Reuter, T. (1997). *Warfare in medieval Europe, c. 300–1200*. Cambridge University Press.

[23] Wickham, C. (2005). *Framing the early Middle Ages: Europe and the Mediterranean, 400–800*. Oxford University Press.

[24] Williams, A. (1995). *The English and the Norman Conquest*. Boydell Press.

[25] Wormald, P. (1999). *The making of English law: King Alfred to the twelfth century* (Vol. 1). Blackwell.

G.K. Kadirkulova, S.D. Sarkulova, S.Zh. Boltaeva, A.S. Talman, N.K. Moldabekova

V-VIII CENTURIES EARLY MEDIEVAL LAW AND WAR IN WESTERN EUROPE

Annotation. In this study, Western Europe in the V - VIII centuries. analysis of the processes that led to the formation of legal mechanisms for regulating war. The goal is to rethink the traditional idea of the early Middle Ages as a period devoid of stable legal norms. The study of written sources shows that the development of medieval States was accompanied by the creation of institutions that established rules for the use of military force, the organization of military service, the mobilization of resources and the provision of Defense. An analysis of these processes allows us to shed light on the peculiarities of the formation of early public law and its relationship with military power.

This article discusses legal ethics, Carolinian capitulations and the relationship of Anglo-Saxon law in the system of legal regulation of military issues. The study of these sources goes beyond the analysis of socio-economic aspects and focuses on their normative Nature, determines the procedure for the formation of the army, the management of military resources and the exercise of power powers by the monarch.

The importance of the study is directly related to the definition of legal mechanisms regulating military activity. Frankish capitularies and Anglo-Saxon legislation prove that military duty, the right to land ownership and the military powers of the monarch had legal grounds. At the same time, a comparison of the military-legal systems of the Frankish state and the Anglo-Saxon kingdoms opens the way to understanding the models of the development of statehood. Thus, this study makes it possible to more deeply recognize not only in military history, but also in the history of the formation of European statehood and legal institutions.

Keywords: law, legal battles, beneficiaries, capitulations, military.

Г.К. Кадиркулова, С.Д. Саркулова, С.Ж. Болтаева, А.С. Талман, Н.К. Молдабекова

V - VIII ВВ РАННЕЕ СРЕДНЕВЕКОВОЕ ПРАВО И ВОЙНА В ЗАПАДНОЙ ЕВРОПЕ

Аннотация. В этом исследовании в Западной Европе в V-VIII вв. анализ процессов, приведших к формированию правовых механизмов регулирования войны. Цель состоит в том, чтобы переосмыслить традиционную идею раннего Средневековья как периода, лишенного устойчивых правовых норм. Изучение письменных источников показывает, что развитие средневековых государств сопровождается созданием институтов, устанавливающих правила применения военной силы, организации военной службы, мобилизации ресурсов и обеспечения обороны. Анализ

этих процессов позволяет пролить свет на особенности формирования раннего публичного права и его связи с военной властью.

В данной статье рассматриваются правовые нравы, Каролинские капитуляции и взаимосвязь англосаксонского права в системе правового регулирования военных вопросов. Изучение этих источников выходит за рамки анализа социально-экономических аспектов и фокусируется на их нормативном характере, определяя порядок создания армии, управления военными ресурсами и осуществления властных полномочий монарха.

Актуальность исследования связана с определением правовых механизмов, регулирующих военную деятельность. Франкские капитуляры и англосаксонское законодательство доказывают, что воинская повинность, право владения землей и юридические основы военных полномочий монарха существовали. Кроме того, сравнение военно-правовых систем во франкском государстве и англосаксонском королевстве открывает путь к пониманию моделей развития государственности. Таким образом, данное исследование позволяет глубже узнать не только военную историю, но и историю становления европейской государственности и правовых институтов.

Ключевые слова: право, судебные баталии, бенефициары, капитуляции, армия.